

БЕКІТЕМІН:   
«Ынтымақ негізгі орта мектебі»  
КММ-нің директоры  
Сарина Б.А.



## Балаларды үйден жеке оқыту туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже ҚР Конституциясының, «Білім туралы» ҚР Заңының, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»

ҚР Заңының, «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017.14.02 № 66 бұйрығының, «Қазақстан Республикасындағы бас-тауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.08.11 № 500 бұйрығының негізінде қолданылады.

1.2. Науқас балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыру сырқатына байланысты білім беру ұйымында оқи алмайтын 18 жасқа толмаған 1–11 сынып оқушыларының мемлекеттік білім беру стандартының аясында білім беру бағдарламаларын меңгеру міндетін көтереді.

### 2. Науқас балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыру

2.1. Жалпы білім беретін ұйымның оқу бағдарламасына кіретін пәндер бойынша бөлінген сағат шегінде үйден оқыту жүзеге асырылады.

2.2. Ата-ананың мектеп директорының атына жазған өтініші, емдеу мекемесінің ДКК медициналық қорытындысы науқас балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыруға негіз болады. Психофизикалық даму ерекшеліктері бар балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыру үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы керек. Әрбір нақты жағдайда жеке оқытуды бастау мен өткізуге мектеп директорының бұйрығы негіз болады.

2.3. Науқас балалармен үйде жұмыс істейтін мұғалімдерді тағайындаған кезде осы сыныппен жұмыс істейтін мұғалімдер басымдыққа ие болады.

2.4. Сабақ кестесі мұғалім негізгі санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып әзірлейтін базалық оқу жоспарының, жеке оқу жоспарының негізінде жасалады, ол ата-аналармен келісіледі және үйден оқуға жетекшілік ететін мектеп директорымен бекітіледі.

2.5. Баланы үйден оқытатын мұғалім өткен сабақтарды есепке алу журналын толтырады, мұнда сабақтың күні, өткен материалдың мазмұны, оны меңгеруге кеткен сағат саны жазылады.

2.6. Балалар білімі жүйелі түрде бағаланып отырады: сәйкес сыныптың сынып журналына білім алушының оқу үлгерімі, сыныптан сыныпқа көшуі және мектепті бітіруі туралы мәліметтер енгізіледі.

2.7. Білім алушыларды аттестаттау мен ауыстыру «Білім туралы» ҚР Заңына және Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2008.18.03 № 125 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады.

2.8. Баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеу мектептік ПМП-консилиум арқылы жүзеге асырылады.

2.9. Науқас балаларды үйден оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды бақылауды мектепшілік инспектілеудің аясында мектеп әкімшілігі жүзеге асырады.

### 3. Науқас балаларды үйде жеке оқытуды қаржылай қамтамасыз ету

3.1. Науқас балаларды үйде жеке оқыту регламенттелген сағаттар шегінде білім алушыларға тегін беріледі.

3.2. Мұғалім ауырып қалған жағдайда мектеп әкімшілігі науқас баламен сабақ өткізуді басқа мұғалімге ауыстыруға міндетті.

3.3. Оқушы ауырып қалған жағдайда тарифтеу бойынша еңбегіне ақы төленетін мұғалім сабақ кестесі бойынша өткізілмеген сағаттарын өтеуге міндетті. Өтеу мерзімдері ата-аналармен келісіледі.



Егер науқас баламен сабақ өткізу мерзімінен бұрын тоқтатылса немесе мұғалімнің себептеріне байланысты өткізілмесе, мектеп директоры бұйрықты бухгалтерияға өткізеді.

#### 4. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Үйде жеке оқытуды ұйымдастыру кезінде білім беру процесіне қатысушылар мыналар: білім алушылар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары.

#### 4.2. Білім алушылар құқылы

ҚР мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім алуға;  
білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар енгізуге;  
өзінің адами қадір-қасиетін, ақыл-ой мен ақпарат еркіндігін, өз пікірі мен ұстанымын еркін білдіру құқығын құрметтеуге;

оқудағы жетістіктері үшін рухани және материалдық ынталандыруға;

психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеуге;

мектептің мәдени өміріне араласуға;

кітапханалардың кітапхана-ақпараттық ресурстарын тегін қолдануға.

#### 4.3. Білім алушылардың міндеттері:

жалпы білім беретін ұйымның талаптарын сақтауға;

жақсы оқуға, білім беру бағдарламаларын саналы әрі шығармашылық тұрғыдан меңгеруге ұмтылуға;

жалпы білім беретін ұйым жұмыскерлерінің қадір-қасиеті мен абыройын құрметтеуге;

сабақ кестесін ұстануға;

сабаққа бөлінген уақытта үйде болуға;

күнделік жүргізуге.

#### 4.4. Ата-аналардың құқықтары:

баланың заңды құқықтарын қорғау;

жанжалды жағдайларды шешу үшін мектеп әкімшілігіне жүгіну;

сабақ кестесін құрастыру бойынша ұсынымдар енгізу;

дамуында ауытқулары бар балаларды түзетушілік-дамытушы тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде

жалпы білім беретін ұйым мамандарынан консультативтік көмек алу.

#### 4.5. Ата-аналардың міндеттері:

жалпы білім беретін ұйымның талаптарын орындау;

баланың мектепке және білім алуға деген қызығушылығын қолдау;

дәрігердің ұсынымдарын, режимнің ерекшеліктерін мұғалімге ескерту;

сабақ өткізу үшін білімді меңгеруге ықпал ететін жағдай жасау;

уақтылы, бір күн ішінде жалпы білім беретін мектепке сырқаттануына байланысты сабақтың болмайтынын және сабақты бастауға болатынын хабарлау;

күнделіктің жүргізілуін, үй тапсырмаларын орындауды бақылау.

#### 4.6. Педагог қызметкер «Білім туралы» ҚР Заңында көзделген құқықтарға ие.

#### 4.7. Мұғалімнің міндеттері:

баланың ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, мемлекеттік бағдарламаларды орындау;

оқулықпен, анықтамалық және көркем әдебиетпен дербес жұмыс дағдыларын жетілдіру;

арудың ерекшелігін, режимнің ерекшеліктері мен үй тапсырмаларын ұйымдастыруды білу;

артық жүктемеге жол бермеу, жеке жоспар құрастыру;

өткен сабақтарды есепке алу журналын уақтылы толтыру;

оқушының күнделік жүргізуін бақылау және мұнда өткен сабақ туралы жазу (сабақ кес-тесі, аттестаттау, үй тапсырмаларын жазу);

сынып журналына білім алушының оқу үлгерімі туралы мәліметтерді енгізіп тұру.

#### 4.8. Сынып жетекшісінің міндеттері:

баланы оқытатын мұғалімдермен, ата-аналармен сабақ кестесін мақұлдау;

білім алушылармен және ата-аналармен байланыста болу, науқас балалардың әдеттерін, ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын анықтау;

күнделіктің, сынып журналының жүргізілуін бақылау;

білім алушылар туралы ақпаратты сынып журналына уақтылы енгізу.

#### 4.9. Әкімшіліктің міндеттері:

оқу бағдарламаларының орындалуын, жеке оқыту әдістемесін, білім алушыларды аттестаттауды, құжаттаманың ресімделуін жүйелі бақылау;